


“Жаңа заманауи үрдістер арқылы сапалы білім беру” апталығы

Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешенінде 2024 жылдың 19-23 ақпан аралығында гуманитарлық пәндер мұғалімдері әдістемелік бірлестігінің “Жаңа заманауи үрдістер арқылы сапалы білім беру” тақырыбында апталық өтті. 19 ақпан күні апталықтың ашылуына арналған шара өткізілді. Шара барысында оқушылар «Оқу, білім не үшін керек?» сұрағына жауап беріп, «Банкомат» әдісі, «LearningApps.org» бойынша түрлі тапсырмаларды орындады.



20 ақпан күні гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы аясында ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Құрмаш Қ.Қ., Бимағамбетова Д.З. 7-8 класс оқушыларымен “*Funny English*” тақырыбында сыныптан тыс шара өткізді. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыта отырып, ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру; ағылшын, қазақ және орыс тілін байланыстыра отырып, сөздік қорларын кеңейту; теориялық білімдерін практикада дағдыландыру және бір-біріне көмек көрсетіп, топ, ұжым болып бірлесіп жұмыс

істей білуге тәрбиелеу мақсатында оқушыларға түрлі әдістер арқылы бірнеше тапсырмалар берілді.



20 ақпан күні орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдері **“Веселая масленица”** тақырыбында 5-10 класс оқушыларымен көңілді үзіліс өткізді.



21 ақпан күні гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы аясында ағылшын тілі пәні мұғалімдері көңілді үзіліс ойындарын өткізді.





21 ақпан күні гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығының жоспарына сай қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Айтжанова Л. Ж. 7”б” класында “Төрт түліктің пайдасы” тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Төрт түлік малдың пайдасы мен олардың ерекшеліктері туралы түсінік беру және балалардың ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.



Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Л.О.Қанатбаева 5”а” класында қазақ тілінен **“Зат есімнен өткенді қайталау”** тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында түрлі әдістер арқылы оқушылар деңгейлік тапсырмалар орындап, қызығушылықпен қатысты.



Елеуова Д.М. 10 «б» класында тарих пәнінен «Государственное строительство в первые годы Независимости» тақырыбында ашық сабақ өткізді.





23 ақпан күні апталықтың жабылуына арналған шара барысында жауапты мұғалім Р.Ақжигитова өткізілген шараларға тоқталып, белсенді қатысқан оқушылар мектеп директорының Мақтау қағазымен марапатталды.

